



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
20 14 ж. «27» бараңша ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 380740000057
№ 3905-1900-А5/Ш4
Бастапқы тіркелген күні
1998 ж. «29» шілде



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
20 15 ж. «19» маусым
БСН 380740000057
№ 3905-1900-А5/Ш4
Бастапқы тіркелген күні
1998 ж. «29» шілде

ЖАРҒЫ

«Altyn Bank» Акционерлік қоғамы
(«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның Еншілес банкі)

«Altyn Bank» АҚ («Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның ЕБ)
жалғыз акционерінің шешімімен
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
директорлар Кеңесінің мәжілісінің
«4» мусым 2015ж. № 149
хаттамасымен бекітілген

Алматы, 2015

Бұл Жарғы алда «Банк» деп аталатын, Банк лауазымды тұлғаларының, орган жауапкершілігі, өкілдігі, акционерлердің мүддесі мен құқықтарын қорғау шарттары, міндеттері мен құқықтары, «Altyn Bank» Акционерлік қоғамын («Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның Еншілес банкі) қайта ұйымдастыру және тарату, қызметін, ұйымдастыру тәртібін, құқықтық ережелерін анықтайды.

Бұл Жарғы алда «Банктер туралы заң» деп аталатын, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес, № 2444 «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банк қызметі туралы» 1995 жылдың 31 тамыз айындағы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес, алда «Заң» деп аталатын және өзге қазақстан республикасы нормативтік құқықтық актілермен аталатын, № 415-II «Акционерлік қоғамдар туралы», 2003 жылдың 13 мамыр айындағы Қазақстан Республикасы Заңымен бекітілген және өңделген.

I Тарау. Жалпы ережелер

1 Бап. Банк атауы

1. Банктің толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Altyn Bank» Акционерлік қоғамы («Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның Еншілес банкі);

2) орыс тілінде: Акционерное общество «Altyn Bank» (Дочерний банк АО «Народный Банк Казахстана»);

3) ағылшын тілінде: Joint Stock Company «Altyn Bank» (Subsidiary bank of JSC «Halyk Bank»).

2. Банктің қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Altyn Bank» АҚ («Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның ЕБ);

2) орыс тілінде: АО «Altyn Bank» (ДБ АО «Народный Банк Казахстана»);

3) ағылшын тілінде: JSC «Altyn Bank» (SB of JSC «Halyk Bank»).

2 Бап. Банктің құқықтық статусы

1. Банк Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, меншік құқығында жеке мүлікке ие және өзінің міндеттері бойынша осы мүлікке жауапты, өзінің атынан міндеттер мен мүліктік және жеке мүліктік емес құқыққа ие бола алады және жүзеге асыра алады, сотта жауап беруші және арыз беруші бола алады.

2. Банктің өзінің балансы, банкте есебі, сонымен қатар валюталық есептері болады, өзінің атауы көрсетілген мөрі болады.

Банктің ресми статусы банк операцияларын (алда –«өкілетті орган») жүргізуге өкілетті мемлекеттік органның лицензиясының болуымен және Қазақстан Республикасы әділет органдарында заңды тұлға ретінде Банктің мемлекеттік тіркеуімен анықталады.

3. Банктің меншік нысаны - жеке.

4. Банк өзінің қызметінде Конституцияны, Қазақстан Республикасы заңнамасын, сонымен қатар осы Жарғы мен Банктің ішкі ережелерін басшылыққа алады.

5. Банктің өзінің тауарлық белгісі мен нышаны болады, олардың үлгісі заңнамамен тіркеледі және бекітіледі.

3 Бап. Банк пен оның акционерлерінің жауапкершілігі

1. Банк өзінің мүлкінің шеңберінде өзінің міндеттері бойынша жауапты болады.

2. Банк өзінің акционерлерінің міндеттері бойынша жауапты болмайды.

3. Акционерлер Банктің міндеттері бойынша жауапты болмайды және заңнамамен қарастырылған актілер жағдайын қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құнының шеңберінде Банк қызметімен байланысты шығындар қаупіне ұшырамайды.

4. Банк міндеттемелері бойынша мемлекеттік жауапты болмайтындығы сияқты Банк те мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауапты болмайды, яғни Заңмен қарастырылған жағдайларды қоспағанда және Банк немесе мемлекеттің өзіне осындай жауапкершілікті

қабылдаған жағдайынан өзге.

4 Бап. Филиалдар мен Банк өкілдіктері

1. Директорлар Кеңесі бойынша Банк Қазақстан Республикасы территориясында және сонымен бірге оның шеңберінен тыс жерлерде филиалдарды және өкілдіктерді құруға құқылы болады. Банктің филиалдары мен өкілдіктері заңды тұлғаға жатпайды және Банк Директорларының Кеңесімен бекітілген олар туралы ережелердің негізінде Банктің атынан әрекет ететін болады.

2. Банктің филиалы бір облыстың шеңберінде (республикалық мазмұндағы қалалар, астаналар) бірнеше мекен жайлар бойынша орналасқан ғимараттарға ие болуына құқылы.

3. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары өздеріне Банктің берген сенімхаттары негізінде әрекет ететін болады.

4. Банктің филиалдары мен өкілдіктері Қазақстан Республикасының және олардың орналасқан территориясының мемлекетінің заңнамасына сәйкес құрылады және жабылады.

5 Бап. Жекелендіру құралдары мен банк деректемелері

1. Банктің корпоративтік мөрі, филиал мөрі мен белгілі бір мақсат үшін өкілдіктерге ие және өзінің қызметін жүзеге асыру процесінде оны жекелендіру үшін қажетті өзге деректемелерге, баспабеттерге, мөртаңбаларға ие.

2. Банк деректемелері қазақ, орыс және ағылшын тілдері болып саналатын Банктің бір немесе одан көп жұмысшы тілдерін пайдаланып рәсімеледі.

6 Бап. Банк қызметінің мерзімі

Банк қызметінің мерзімі шектелмейді.

7 Бап. Банктің атқарушы органының орналасқан жері

Банктің атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050010, қ. Алматы, Достық даңғылы 43.

II Тарау. Банк қызметі

8 Бап. Банк қызметінің түрлері

1. Банк қызметінің мақсатына оның заңды қызметті жүзеге асыруы нәтижесінде табыс табу жатады.

2. Банк өкілетті органның лицензиясы болған жағдайда барлық немесе белгілі бір банк және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге операцияларды жүзеге асырады.

Банк ұлттық және шетел валютасында банк және өзге операцияларды жүргізуге өкілетті органның лицензиясы болған жағдайында ұлттық және сонымен бірге шет елдік валютада банк және өзге операцияларды жүзеге асырады.

3. Банк Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген шарттармен және ережелермен, Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған құнды қағаздар нарығында барлық немесе кәсіби қызметтің белгілі бір түрлерін жүзеге асыруға құқылы болады.

4. Банктің құнды қағаздар нарығында кәсіби қызметтің бір немесе бірнеше кәсіби қызметтің үйлескен түрлерін жүзеге асыруға қатысты лицензиясы.

5. Банк Қазақстан Республикасы заңнамасымен тыйым салынбаған өзге қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы болады.

Өкілетті органнан (лицензиардан) белгілі бір қызмет түрін жүзеге асыруы үшін арнайы рұқсат қажет болғанда (лицензия, сертификат), Банк тиісті рұқсаттың (лицензия, сертификат) белгіленген тәртібімен және осыған сәйкестікте алғаннан кейін ғана осы қызмет түрін жүзеге асырады.

III Тарау. Банктің мүлкі мен капиталы

9 Бап. Банктің мүлкі

1. Банктің мүлкі оған меншік құқығында оған тиесілі.
2. Банктің мүлкі мына төмендегілердің есебінен қалыптасады:
 - 1) акциялардың орналастырылуы кезіндегі акциялар төлемі;
 - 2) қызмет нәтижесінде алынған табыстар;
 - 3) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес өзге негіздер бойынша иеленген өзге мүліктер.

10 Бап. Банктің шартты және дербес капиталы

1. Шартты капитал Банк қызметін қамтамасыз ету үшін құралады және оларды орналастыру кезінде акциялардың төлемі арқылы қалыптасады.
2. Банктің шартты капиталын ұлғайту Банктің жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.
3. Берілген қарыздар мен өзге активтер бойынша резерв көлемі, Банк активтерінің құнын, дербес капитал есебінің әдістемесі өкілетті органмен анықталады.

11 Бап. Банктің резервтік капиталы

1. Банктің қызметінің нәтижесінде және онымен байланысты пайда болатын шығыстарын жабу үшін Банк өкілетті органның белгілеген төменгі көлемінен төмен емес мөлшерде резервтік капиталды қалыптастырады.
2. Резервтік капитал қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төленгенге дейін Банктің таза табысының есебінен құрылады. Жыл сайынғы есептеулер мен резервтік капиталдың өлшемі жылдық Банк акционерлерінің Жалпы жиналысымен анықталады.

12 Бап. Таза табысты үлестіру тәртібі

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының шешімі бойынша Банктің таза табысы (бюджетке өзге міндетті төлемдер мен салық төлемінен кейінгі белгіленген уақыт аралығында пайда болған) Банктің резервтік капиталын қалыптастыруға (толтыруға) жіберіледі, дивидендтер алуға артықшылықты акциялар иегерлерінің басымдылықты құқығымен анықталатын, кезектілікке сәйкес дивидендтер түрінде акционерлер арасында үлестіріледі, сонымен бірге акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен қарастырылған Банкті дамыту мен өзге мақсаттарға жіберілуі мүмкін.

13 Бап. Банк акциялары

1. Акцияға Банктің шығаратын және оның түрі мен категориясына байланысты акционерлердің мына төмендегі құқықтарын растайтын құнды қағаздар жатады:
 - 1) Осы Жарғы мен Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған тәртіппен Банк басқармасына қатысуға;
 - 2) дивидендтер алуға;
 - 3) Банктің таралуы кезіндегі мүліктің бір бөлігіне;
 - 4) Қазақстан Республикасы өзге заңнамалаық актілері мен Заңмен қарастырылған өзге құқықтар.
2. Банк Қазақстан Республикасы заңнамасымен бекітілген тәртіппен артықшылықты атаулы акциялар мен қарапайым атаулы акциялардың шығарылымын жүзеге асырады.
3. Банк өзінің акцияларын құжатсыз түрде шығаруды жүзеге асырады. Акция ұстаушылар тізілімінің жүйесін қалыптастыру, жүргізу және сақтау Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес тіркеушімен жүзеге асырылады.
4. Акция бөлінбейді. Бір ғана акция жалпы меншік құқығында бірнеше тұлғаларға тиесілі болған жағдайда, олардың барлығы Банкке қатысты бір акционер ретінде қабылданады және өзінің

жалпы өкілі арқылы, акциялармен расталған өздерінің құқықтарын жүзеге асырады.

5. Қарапайым атаулы акция Жалпы акционерлер жиналысында дауыс беруге шығарылатын барлық сұрақтарды шешу кезінде дауыс беру құқығымен Жалпы акционерлер жиналысына қатысуға құқықты, Банкте таза табыс болған кезінде дивидендтер алуға құқықты, сонымен бірге Қазақстан Республикасы заңнамасымен бекітілген тәртіппен Банк жабылған кезінде қалған мүліктің бір бөлігін алуға деген құқықты береді.

Банктің қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төлемі тоқсанның, жарты жылдықтың, жылдың қорытындылары бойынша кез келген жүйелілікпен, сонымен бірге Жалпы акционерлер жиналысының шешімінің негізінде және тиісті кезең ішіндегі Банктің қаржылық есебіне тексеріс жүргізгеннен кейін өткен жылдың қорытындылары бойынша үлестірілмеген табыс есебінен жүзеге асырылуы мүмкін.

6. Банк осы Жарғының 23 бабындағы 4 тармаққа сәйкес белгіленетін, дивидендтердің кепілдік берілген мөлшерімен артықшылықты атаулы акциялар шығарылымын жүзеге асырады.

Артықшылықты атаулы акцияға ие акционер осы Жарғының 23 бабындағы 4 тармаққа сәйкес белгіленетін, алдын ала анықталған кепілдік берілген мөлшерімен дивидендтер алуға қарапайым атаулы акция меншік иесінің алдында артықшылық құқығына ие болады.

7. Банктің артықшылықты атаулы акция иегері банк басқармасына қатысуға құқығы бар, егер де:

1) Банк акционерлерінің жалпы жиналысы артықшылықты акцияларға ие акционерлердің құқықтарын шектеуі мүмкін шешімге қатысты сұрақтарды қарастырады. Осындай мәселе бойынша шешім шектеу үшін орналастырылған артықшылықты акциялардың жалпы санынан үштен екі дауыстан кем емес болған жағдайында қабылданған болып саналады (сатып алынғандарды шығарғанда).

Артықшылықты акцияларға ие акционер құқықтарын шектеу бойынша шешім қабылдау мәселелеріне мыналар жатады:

Артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтер көлемін есептеу тәртібі өзгергенде немесе көлемі азайғанда;

Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлемі тәртібінің өзгеруі; артықшылықты акцияларды қоғамның қарапайым акцияларына айырбастау;

2) Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта Банктің оларды сатып алған жағдайында артықшылықты акциялардың құнын анықтау әдістемесіне өзгерістерді бекіту туралы мәселені қарастырады;

3) артықшылықты акциялар бойынша дивиденд оны төлеу үшін бекітілген мерзім өткен күннен бастап үш айдың ішінде толық көлемде төленбесе;

4) Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Банкті жабу немесе қайта құру туралы мәселені қарастырады.

14 Бап. Банктің өзге құнды қағаздары

1. Қосымша қаражатты жұмылдыру үшін Банк құнды қағаздар нарығы туралы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес туынды құнды қағаздар мен облигацияларды шығаруға құқылы болады.

2. Облигациялар шығарылымының шарттары мен тәртібі, олар бойынша сыйақылар төлемі, оларды жүзеге асырудан түсетін қаражатты пайдалану мен жабу директорлар кеңесімен, Қазақстан республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіппен (шығарылым шарттары) шығарылым аңдатпасымен анықталады.

3. Туынды құнды қағаздардың шығарылымының тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіппен (шығарылым шарттары) шығарылым аңдатпасына сәйкес директорлар Кеңесімен анықталады.

15 Бап. Банк құнды қағаздарын орналастыру мен оларды сатып алу шарттары

1. Банк акцияларын орналастыру Банктің ішкі ережелері және Қазақстан Республикасы

заңнамасымен анықталған шарттармен және тәсілдермен жүзеге асырылады.

2. Өзінің ие болған акцияларының құнын толық көлемде Банкке төлемеген тұлға Банк акционері ретінде қабылданбайды.

3. Толығымен төленбеген акциялар және Банктің сатып алған акциялары дауыс беру құқығын бермейді және олар бойынша дивидендтер төленбейді.

4. Орналастырылған акцияларды банктің сатып алуы Банктің ішкі ережелерімен және Қазақстан Республикасы заңнамасымен реттеледі.

5. Банк Қазақстан Республикасы заңнамасымен бекітілген тәртіпте шектеулерді ескеріп, осы Жарғы мен Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін өзге мақсаттарда немесе алда оларды сату үшін оған тиесілі акцияларды (оның келісімімен) акционерден сатып ала алады. Осы уақыттың ішінде таза табысты үлестіру, акционерлердің жалпы жиналысында жиналымды анықтау мен дауыс беру Банктің сатып алған акцияларының есебінсіз жүзеге асырылады.

6. Банктің бастамасымен орналастырылған акцияларды Банктің сатып алуы Директорлар кеңесінің шешімінің негізінде жүзеге асырылады, егер де өзгесі осы Жарғымен және (немесе) заңмен белгіленбесе.

Егер де Банктің бастамасымен сатып алынатын оның орналастырылған акцияларының саны акцияларды сату-сатып алу келісімі жасалғанға дейін оның жалпы санынан бір пайызға асып кеткен жағдайда, Банк өзінің сатып алатын акцияларының саны мен түрлері туралы мәліметтерді көрсетіп, сатып алудың шарттары, мерзімі мен бағасы көрсетілген бұқаралық ақпарат құралдарында хабарландыру беру арқылы өзінің акционерлеріне осындай сатып алу туралы жариялайды.

IV Тарау. Банк акционерлері. Банк акционерлерінің құқықтары мен міндеттері

16 Бап. Банк акционерлері

1. Банк акционерлеріне заңды және жеке тұлғалар жатады.

2. Банк акционерлерінің саны мен құрамы шектелмейді, егер де өзгесі Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылмаса.

17 Бап. Банк акционерлерінің құқықтары

1. Қарапайым акцияларға ие Банк акционерлерінің құқықтары:

1) осы Жарғы және/немесе Заңмен қарастырылған тәртіппен Банк басқармасына қатысу;

2) дивидендтерге ие болу;

3) банк қызметі туралы ақпарат алу, осы Жарғының немесе жалпы акционерлер жиналысының белгілеген тәртібімен Банктің қаржылық есебімен танысу;

4) Банктің құнды қағаздарына олардың меншік құқығын мақұлдайтын, атаулы ұстаушыдан немесе тіркеушіден көшірмелер алу;

5) осы Жарғы және Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес өзінің акцияларын сату және салу;

6) банктің директорлар Кеңесіне сайлау үшін Жалпы акционерлер жиналысына кандидатураны ұсыну;

7) Банк органдарымен қабылданған, шешімдерді сот тәртібімен наразылық білдіру;

8) өзі дербес немесе жалпы бірігіп өзге акционерлермен Банктің бес және одан көп дауыс беруші акцияларының пайызына ие болған кезінде Банкке келген шығындарды Банктің лауазымды тұлғаларының Банкке өтеуі туралы талаппен Заңның 63 және 74 баптарымен қарастырылған жағдайларда өзінің атынан сот органдарына жүгіну және банктің лауазымды тұлғаларының және/немесе мүдделілік танытқан үлестес тұлғалардың ірі келісімдер (келісім жасауға ұсыныс) жасау туралы шешім қабылдау нәтижесінде олардың алған табыстарын Банкке қайтаруы;

9) Банкке оның қызметі туралы жазбаша сұратумен жүгіну және Банкке сұрату келіп түскен уақыттан бастап отыз күннің ішінде дәлелденген жауап алу;

10) Банктің жабылған кезіндегі мүліктің бір бөлігіне;

11) Заңмен белгіленген тәртіпте акцияларға айырбасталатын банктің өзге құнды қағаздары немесе акцияларды айрықша сатып алу;

12) Банк акцияларының санының өзгергендігі туралы немесе Заңмен қарастырылған тәртіппен олардың түрінің өзгергендігі туралы шешімді қабылдауда Жалпы акционерлер жиналысына қатысу;

13) осы Жарғының ережелері мен Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын бұзатын әрекеттерді Банк органдары жасаған жағдайда заңды мүдделер мен өздерінің құқықтарын қорғау үшін мемлекеттік органдарға жүгіну;

2. Артықшылықты атаулы акцияларға ие акционерлердің құқықтары:

1) осы Жарғыға сәйкес белгіленген алдын ала анықталған кепілдік берілген мөлшерде дивидендтер алуға қарапайым атаулы акциялардың меншік иелерінің алдында артықшылықты акцияларға ие болу;

2) Заңмен белгіленген тәртіппен Банктің жабылған кезінде қалған мүліктің бір бөлігіне деген құқық;

3) осы жарғының 13 бабының 7 тармағында анықталған жағдайында Банк басқармасына қатысуға;

4) Банк қызметтері туралы ақпараттар алу, оның ішінде осы Жарғымен немесе Жалпы акционерлер жиналысымен белгіленген тәртіппен Банктің қаржылық есебімен танысу;

5) Банктің құнды қағаздарына олардың меншік құқығын мақұлдайтын атаулы ұстаушы немесе тіркеушіден көшірмелер алу;

6) осы Жарғы және Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес өзінің акцияларын салу және сату;

7) оның қызметі туралы жазбаша сұратумен Банкке жүгіну және Банкке сұрату келіп түскен уақыттан бастап отыз күннің ішінде дәлелденген жауап алу;

8) Заңмен белгіленген тәртіппен артықшылықты акцияларды айрықша сатып алу;

9) осы Жарғының ережелері мен Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын бұзатын әрекеттерді Банк органдары жасаған жағдайда заңды мүдделер мен өздерінің құқықтарын қорғау үшін мемлекеттік органдарға жүгіну.

3. Банктің ірі акционері (акционер немесе Банктің он және одан көп дауыс беруші акциялары тиесілі олардың аарсында жасалған келісімнің негізінде әрекет ететін бірнеше акционерлердің) құқықтары:

1) Банктің Жалпы акционерлер жиналысын кезектен тыс шақыруды талап ету немесе Жалпы акционерлер жиналысын шақыруға Банктің Директорлар кеңесі бас тартқан жағдайында оны шақыру туралы талаппен сотқа жүгіну;

2) Директорлар Кеңесіне Заңға сәйкес Жалпы акционерлер жиналысының күн тәртібіне қосымша сұрақтарды енгізуді ұсыну;

3) банк директорлар кеңесі мәжілісін шақыруды талап ету;

4) өзінің есебінен тексеру ұйымының Банкке тексеріс жүргізуін талап ету;

4. Акционерлер осы Жарғымен қарастырылғандай қосымша құқыққа ие болуы мүмкін.

5. Осы баптың 1 және 3 тармақтарымен бекітілгендей, акционерлердің құқықтарын шектеуге рұқсат етілмейді.

18 Бап. Банктің акционерлерінің міндеттері

Банк акционерлерінің міндеттері:

1. Акцияларды төлеу.

2. Банкке Қазақстан Республикасы заңнамасымен бекітілген тәртіппен Банктің келісім жасауға мүдделі екендігі туралы ақпараттарды жеткізу.

3. Он күннің ішінде Банктегі акция ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізу үшін қажетті деректерді өзгерту туралы тіркеушіге мәлімдеме беру.

4. Қызметтік, коммерциялық немесе өзге заңмен қорғалатын құпияны құрайтын оның қызметі

туралы ақпараттарды жарияламау.

5. Қазақстан Республикасы заңнамалық актілеріне сәйкес өзге міндеттерді орындау.

19 бап. Акциялардан айыру құқығы. Банк акцияларымен келісім жасасу

1. Акционерлер Қазақстан республикасы заңнамасына сәйкес өздеріне тиесілі акцияларды айыру құқығына ие болады.

2. Банк өзінің акцияларын сатуға тілек білдіретін акционерге, оны Банктің сатып алуы туралы немесе оны акционердің ұсынатын бағасынан асатын баға бойынша үшінші тұлғаға стауы туралы ұсыныс жасауға құқылы. Мұндай жағдайда акцияны үшінші тұлға сатып алған болса, акцияларды сатып алу туралы ұсыныс акциялардың саны, бағасы мен сатып алушылардың деректемелері туралы мәліметтерден тұруы керек.

3. Құнды қағаздардың екінші нарығында Банктің отыз және одан көп пайызына ие болуға ниет білдіретін өзінің үлестес тұлғаларымен бірге немесе өзі дербес тұлға, немесе банктің дауыс беретін акцияларының отыз немесе одан көп пайызы тиесілі өзінің үлестес тұлғаларымен бірге немесе өзі дербес тұлға ие болуы нәтижесінде дауыс беретін акциялардың өзге мөлшері, осы туралы белгіленген тәртіпте өкілетті органға немесе Банкке мәлімдеме жіберуге міндетті болады.

20 Бап. Айырбасталатын құнды қағаздар

1. Банк айырбасталатын құнды қағаздарды шығаруға құқығы бар.

2. Банктің акцияларына айырбасталатын құнды қағаздарды Банктің шығаруы Банктің жариялаған және орналастырған акциялары арасындағы айырмашылықтың шеңберінде жүзеге асырылады.

3. Құнды қағаздарды айырбастаудың шарттары, мерзімі мен тәртібі айырбасталатын құнды қағаздардың шығарылымының аңдатпасымен анықталады.

4. Банктің құнды қағаздарын оның қарапайым акцияларға айырбастау Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

21 Бап. Бір түрдегі Банктің орналастырған акцияларын өзге түрдегі Банк акцияларына айырбастау

1. Банк бір түрдегі Банктің орналастырған акцияларын өзге түрдегі Банктің акцияларына айырбастауды жүзеге асыра алады, егер де осындай айырбас мүмкіндігі акциялар шығарылымының аңдатпасымен қарастырылған болса.

2. Бір түрдегі Банктің орналастырған акцияларын өзге түрдегі Банктің акцияларына айырбастаудың шарттары, мерзімі мен тәртібі акциялар шығарылымының аңдатпасымен және өкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен орнатылады.

22 Бап. Акциялар мен Банктің өзге құнды қағаздарының кепілі

1. Банк акционерлері банктің құнды қағаздарын салу құқығына ие.

2. Банк акционерлері егер де өзгесі кепіл шарттарымен қарастырылмаған болса, Банктің өздерінің салған акциялары бойынша дивидендтер алуға және дауыс беру құқығына ие болады.

3. Банк кепілге олардың орналастырған құнды қағаздарын мына төмендегі жағдайларда ғана қабылдай алады:

1) кепілге берілетін құнды қағаздар толығымен төленген жағдайда;

2) Банкке кепілге берілетін және онда кепілде бар құнды қағаздардың жалпы саны Банктің сатып алған акцияларын қоспағанда, Банктің орналастырған акцияларының 25 аспайтын пайызын құрайды;

3) кепіл туралы шарт Банктің директорлар Кеңесімен мақұлданған.

23 Бап. Акция бойынша дивидендтер

1. Банктің қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төлемі тоқсанның, жарты жылдықтың, жылдың қорытындылары бойынша кез келген жүйелілікпен, сонымен бірге Жалпы

акционерлер жиналысының шешімінің негізінде және тиісті кезең ішіндегі Банктің қаржылық есебіне тексеріс жүргізгеннен кейін өткен жылдың қорытындылары бойынша үлестірілмеген табыс есебінен жүзеге асырылуы мүмкін.

2. қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлемінің жүйелілігі акциялар шығарылымының аңдатпасымен анықталады.

3. Банктің бір қарапайым атаулы акциясына есептегенде нақты дивиденд көлемі Банктің директорлар кеңесінің ұсынысы бойынша Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысымен анықталады.

4. Банктің бір артықшылықты акциясына, сонымен бірге қарапайым акцияға айырбасталатын бір артықшылықты акцияға дивидендтің кепілдікті мөлшері 0,01 теңге мөлшерінде белгіленеді.

5. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлемінің жүйелілігі – акциялар шығарылымының аңдатпасына сәйкес жылына бір рет.

6. Банк Заңмен белгіленген мерзім және тәртіппен дивидендтер төлемі туралы, артықшылықты акцияларға ие акционерге мәлімдеме береді.

7. Артықшылықты акциялар бойынша есептелетін дивидендтер мөлшері сол уақыт ішіндегі қарапайым акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшерінен аз бола алмайды.

Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді толық төлегенге дейін оның қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төлемі жасалмайды.

8. Қарапайым және Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлемі Заңмен бекітілген жағдайларда жүзеге асырылмайды.

V тарау. Банк органдары

24 Бап. Банк органдары

1. Банк Органдарына жататындар:

1) жоғарғы орган – жалпы акционерлер қоғамы (Банктің егер де барлық дауыс беретін акциялары бір акционерге тиесілі болған жағдайда, - бұл акционер);

2) басқару органы – Директорлар кеңесі;

3) атқарушы орган – Басқарма Төрағасы деп аталатын оның Төрағасы басқаратын Басқарма (алда – «Басқарма Төрағасы»).

2. Банкте Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жаңа органдар мен комитеттер құрылады, оның ішінде несиелік комитет (несиелік комитеттер), Банктің ішкі несиелік саясатын жүзеге асыратын орган болып табылады.

25 Бап. Банк акционерлерінің жалпы жиналысы

1. Жалпы акционерлер жиналысы Банктің жоғарғы органы болып табылады. Жылдықтан өзге акционерлердің барлық жиналыстары кезектен тыс болып саналады.

2. Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы қаржылық жылдың бітуіне қарай бес айдан аспайтын мерзімде жүргізіледі. Осы көрсетілген мерзім есептік кезең ішінде Банк қызметіне тексеріс жүргізуді аяқтау мүмкін еместігі жағдайында үш айға дейін ұзартылған болып саналады.

3. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында Банктің қаржылық есебі бекітіледі, өткен қаржылық жыл ішіндегі Банктің таза табысының үлестірілу тәртібі анықталады және Банктің бір қарапайым акциясына есептелген дивиденд көлемі анықталады, Банк пен оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне акционерлердің жүгінулері туралы мәселелер қарастырылады және оларды қарастыру нәтижелері қаралады.

Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысы осы Жарғы мен Заңға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының құзіретіне жататын шешімдерді қабылдау сияқты өзге сұрақтарды қарастыруға құқылы.

4. Банктің барлық дауыс беретін акциялары бір ғана акционерге тиесілі болған жағдайда, Банк акционерлерінің жалпы жиналысы жүргізілмейді. Заң және/немесе осы Жарғыға жататын мәселелер бойынша шешімдер Акционерлердің жалпы жиналысының құзіретіне байланысты

шешімдерді осындай акционерлер бір ауыздан қабылдайды және осы шешімдер артықшылықты акциялармен расталған құқықтарды шектемейтін жағдайда ғана жазбаша түрде рәсімдеуге тиісті болады.

26 Бап. Жалпы акционерлер жиналысының құзіреттілігі

1. Жалпы акционерлер жиналысының айрықша құзіретіне мына төмендегідей сұрақтар жатады:

1) Банк Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа басылыммен бекіту;

2) Банктің корпоративтік басқару Кодексін, сонымен бірге оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

3) Ерікті қайта құру немесе Банкті тарату;

4) Банктің жариялаған акцияларының мөлшерін ұлғайту туралы немесе Банктің орналастырылмаған жариялаған акцияларының түрінің өзгергендігі туралы шешім қабылдау;

5) Банктің құнды қағаздарын айырбастау тәртібі мен шарттарын анықтау, сонымен бірге оларды өзгерту;

6) Банктің қарапайым акцияларына айырбасталатын құнды қағаздар шығарылымы туралы шешім қабылдау

7) бір түрдегі орналастырылған акцияларды екінші түрдегі акцияларға айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастың тәртібі мен шарттарын анықтау;

8) Есептік комиссия өкілдігінің мерзімі мен сандық құрамын анықтау, оның мүшелерін сайлау және оның өкілдігін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) Сандық құрамын анықтау, Директорлар кеңесінің өкілдігінің мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және оның өкілдігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен бірге Директорлар кеңесінің мүшелерінің өз міндеттемелерін орындағандығы үшін олардың шығыстарының өтемін төлеу және сыйақы төлемдерінің шарттары мен көлемін анықтау;

10) Банкке тексеріс жүргізетін тексеретін ұйымды анықтау;

11) Жылдық қаржылық есепті бекіту;

12) Есептік қаржылық жыл ішіндегі Банктің таза табысының үлестірілу тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің қарапайым бір акциясына есептеп дивиденд көлемін белгілеу;

13) Банктің қарапайым акциялары бойынша дивиденд төлемеу туралы шешім қабылдау;

14) Банк акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

15) Банкке тиесілі барлық активтерінің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы өзге заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлер) құрамынан шығуы немесе өзге заңды тұлғалардың қызметі мен оны құруға Банктің қатысуы туралы шешім қабылдау;

16) Банктің Жалпы жиналысты шақыру туралы акционерлерге мәлімдеу түрін анықтау және бұқаралық ақпарат құралдарында осындай ақпараттарды орналастыру туралы шешімдер қабылдау;

17) Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта Банктің оларды сатып алуы кезінде акция құнын анықтау әдістемесін бекіту, сонымен бірге оған өзгертулер мен толықтырулар;

18) Жалпы акционерлер жиналысының күн тәртібін белгілеу;

19) Акциялармен өзге төлемдер немесе Банк акцияларына опциондар ұсынуды қарастыратын Банк директорларының кеңесі, Басқарма мүшелері мен Банк қызметкерлерін ынталандыру тәртібін белгілеу, сонымен бірге осындай тәртіпке өзгерістер мен толықтырулар;

20) Заң және (немесе) осы Жарғымен Жалпы акционерлер жиналысының айрықша құзіретіне жататын шешімдер қабылдауға қатысты өзге сұрақтар.

2. Осы баптың 1 тармағындағы 2)-4) және 17) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Жалпы акционерлер жиналысының шешімі Банктің жалпы дауыс беретін акцияларының санының білікті көпшілігімен қабылданады.

Өзге сұрақтар бойынша Жалпы акционерлер жиналысының шешімдері егер де Заңмен өзгесі қарастырылмаған болса, дауыс беруге қатысатын Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санынан қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады.

Осы Баптың 1 тармағындағы 7) тармақшасында көрсетілген сұрақ бойынша Жалпы акционерлер жиналысы шешім қабылдаған кезінде, бір түрдегі орналастырылған акциялардың өзге түрдегі акцияларға айырбастауына қатысты артықшылықты акцияларға ие акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін болатын шешімдер қабылданған болып саналады, егер де осындай шешім орналастырылған (сатып алынғандарын шығарғанда) артықшылықты акциялардың жалпы санынан үштен екі дауыстан кем емес дауыс берілген жағдайда ғана.

3. Жалпы акционерлер жиналысының айрықша құзіретіне жататын шешімдер қабылдауға қатысты сұрақтар егер де өзгесі Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылмаған болса, өзге органдардың, өзге лауазымды тұлғалар мен Банк қызметкерлерінің құзіретіне берілмейді.

4. Жалпы акционерлер жиналысы Банктің ішкі қызметіне қатысты сұрақтар бойынша Банктің өзге органдарының кез келген шешімін қабылдамауға құқылы болады.

27 Бап. Жалпы акционерлер жиналысын дайындау мен шақыру тәртібі

1. Жалпы жылдық акционерлер жиналысы Банктің директорлар кеңесімен шақырылады, кезектен тыс Жалпы акционерлер жиналысы Банктің директорлар кеңесінің бастамасы бойынша шақырылады және (немесе) ірі акционердің бастамасымен шақырылады, сонымен бірге Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерімен белгіленген өзге жағдайларда.

2. Банк акционерлерінің жалпы жиналысын жүргізу туралы акционерлерге мәлімдеу Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған мерзімде – «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» атты бұқаралық ақпарат құралдарына ақпараттар орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

Банк Банктің жасаған келісімдерімен және Заңмен бекітілген жекелеген жағдайларда Банк шешіміне сәйкес айналымға рұқсат етілген Банктің құнды қағаздарының, оның ішінде пошта бойынша, Ғаламтор желісін пайдалану арқылы, корпоративтің вебсайтқа мәлімдемені орналастыру, Банк филиалдарына мәлімдемелерді жіберу, құнды қағаздар саудасын ұйымдастырушысына мәлімдеу арқылы акционерлерге мәлімдемелер жіберу арқылы, өзге бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланып, кез келген биржаның листингтік талаптарына сәйкес келетін өзге тәсілдермен Жалпы акционерлер жиналысын жүргізу туралы ақпараттарды акционерлерге қосымша мәлімдеуге міндетті.

3. Жалпы акционерлер жиналысын жүргізу мен дайындауды Басқарма және (немесе) Банк директорларының Кеңесі жүзеге асырады.

4. Ірі акционердің бастамасымен кезектен тыс Жалпы акционерлер жиналысын жүргізу мен шақыру ерекшеліктері Заңмен анықталады.

5. Банк акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібін талқылауға шығарылатын сұрақтарды нақты белгілеу арқылы директорлар Кеңесі құрады. Күн тәртібі Жалпы акционерлер жиналысында ұсынылған Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санынан көпшілік дауыспен Жалпы акционерлер жиналысында бекітіледі.

Жалпы акционерлер жиналысының күн тәртібі Заңмен бекітілген тәртіппен өзгертілуі және (немесе) толықтырылуы мүмкін.

6. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Жалпы акционерлер жиналысын жүргізу уақытына дейін он күннен кешіктірілмей акционерлерге таныстыру үшін ұсынылуы керек және Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген ақпараттар мен құжаттардан тұруы керек.

28 Бап. Жалпы акционерлер жиналысын жүргізу тәртібі

1. Банктің Жалпы акционерлер жиналысында Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес Банк акционерлерінің тізімі құрастырылған уақытта дайындалған және тіркеушімен ұсынылған осылар ретінде Банк акционерлерінің тізіміне енген акционерлер қатыса алады және дауыс бере алады.

2. Банктің әрбір акционері Заңмен қарастырылған жағдайдан өзге «бір акция-бір дауыс» принципі бойынша дауыс беру құқығына ие.

3. Акционер Жалпы акционерлер жиналысына қатысу құқығына ие және өзі жеке немесе өзінің өкілі арқылы қарастырылатын сұрақтар бойынша дауыс беру құқығына ие. Заңды тұлға өкіледір өздеріне берілген сенімхаттың негізінде Жалпы акционерлер жиналысында болады. Жалпы акционерлер жиналысына қатысуға және қарастырылатын сұрақтар бойынша дауыс беруге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес немесе акционердің атынан немесе оның мүддесін көздейтін сенімхатсыз әрекет ету құқығының шартына ие тұлғаларға сенімхаттың керегі жоқ.

Жалпы акционерлер жиналысына қатысатын акционер осындай акционерлердің (қатысушылардың) тіркелген елі туралы ақпараттар Банкте болмаған жағдайда банк және оның акционерлері (қатысушылары) туралы Заңның 17 Бабының 5 тармағындағы талаптарды орындау туралы көрсетілген өтінішті ұсынатын болады.

Осындай өтінішті ұсынбаған акционер Жалпы акционерлер жиналысына қатысуға жіберілмейді.

Өтініште көрсетілген ақпараттар дұрыс болмаған жағдайда немесе банк туралы Заңның 17 Бабының 5 тармағындағы талаптар бұзылған жағдайда:

1) егер де шешім үшін дауыс беретін акциялардың көпшілігі дауыс берген жағдайда (өтінішті ұсынған акционердің дауыс беретін акцияларын есептемей), Жалпы акционерлер жиналысының шешімі осы акционердің дауысын есептемей ақ қабылданған болып есептеледі;

2) егер де өтініш берген акционердің дауысы шешімді болған жағдайда, мұндай жағдай өкілетті органның немесе Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіп бойынша өзге мүдделі тұлғалардың талабы бойынша Жалпы акционерлер жиналысының шешімін жарамсыз деп қабылдау үшін негіз болып табылады.

4. Артықшылықты акцияларға ие Банк акционерлері бетпе бет тәртіппен жүргізілетін Жалпы акционерлер жиналысына қатысуға құқылы және олардың қарастыратын сұрақтарын талқылауға қатыса алады.

Егер де Жалпы акционерлер жиналысында артықшылықты акцияларға ие акционер құқығын шектеуі мүмкін шешімге қатысты сұрақ қарастырылатын болған жағдайда, бұл шешім егер де осындай шектеуге орналастырылған артықшылықты акциялардың (сатып алынғандарын шығарғанда) жалпы санынан үштен екі дауыстан кем емес дауыс берген жағдайда қабылданған болып есептеледі.

5. Банк басқармасының мүшелері Жалпы акционерлер жиналысында акционер өкілі ретінде шыға аламайды. Банк қызметкерлері мұндай өкілеттік Жалпы акционерлер жиналысының күн тәртібіндегі барлық сұрақтар бойынша дауыс беру туралы нақты нұсқаулықтардан тұратын сенімхатқа негізделген жағдайды қоспағанда, Жалпы акционерлер жиналысында акционерлер өкілі ретінде шыға аламайды.

6. Жалпы акционерлер жиналысына Жалпы акционерлер жиналысын жүргізу мен дайындауға қатысатын лауазымды тұлғалар мен Банктің өзге қызметкерлері, шақырылған тұлғалар қатыса алады.

7. Кепілдікте тұрған акциялар бойынша дауыс беру кепіл шартының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

8. Дауыс беру нәтижесі бойынша есептеу комиссиясы немесе Жалпы акционерлер жиналысында дауыстардың есебін жүзеге асыратын өкілетті тұлға дауыс беру қорытындысы туралы хаттаманы құрастырады және оған қол қояды. Дауыс беру қорытындысы туралы хаттама құрастырылғаннан кейін және Жалпы акционерлер жиналысының хаттамасына қол қойылғаннан кейін дауыс беру бюллетеньдері мөрленеді және сақтауға Банк мұрағатына беріледі.

9. Жалпы акционерлер жиналысы егер де оған қатысу үшін жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған уақытта акционерлер немесе акционерлердің тізіміне енгізілген олардың өкіледрі тіркелген болса, сонымен қатар Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы елу және одан жоғары пайыздарына ие, жиналысқа қатысу үшін акционерлер тізіміне енгізілген акционерлерден дауыс

беретін акцияларды алған тұлғалар тіркелгенде, күн тәртібінің мәселелері бойынша шешімдерді қарастыруға және қабылдауға құқылы болады.

Мұнда жаңа акционерлер Банк акцияларына өздерінің меншік құқықтарын мақұлдайтын құжаттарын ұсынулары керек.

10. Болмай қалған жиналыстың орнына қайтадан Жалпы акционерлер жиналысын шақыру заңды, егер де жиналымның болмауы себебінен өтпеген Жалпы акционерлер жиналысын шақыру тәртібі сақталған жағдайда және оған қатысу үшін тіркеу аяқталған уақытта Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы қырық және одан жоғары пайыздарына ие акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген болса.

11. Жалпы акционерлер жиналысы ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы шешім қабылдайды.

12. Жалпы акционерлер жиналысы төрағаны, Жалпы акционерлер жиналысының хатшысын, хаттаманы құрастырудың дұрыстығын растайтын акционерлер өкілдерін, есептеу комиссиясының мүшелерін немесе Банктің Жалпы акционерлер жиналысында дауыстар есебін жүзеге асыратын өкілетті тұлғаны таңдайтын болады.

13. Банк Басқармасының мүшелері Жалпы акционерлер жиналысында төрағалық ете алмайды.

14. Жалпы акционерлер жиналысының хатшысы Банктің Жалпы акционерлер жиналысындағы хаттамада бейнеленетін деректердің толықтығы мен дұрыстығы үшін жауапты болады.

15. Жалпы акционерлер жиналысының шешімімен келіспеген жағдайда акционер талап етуге құқылы болады, ал хатшы осы акционердің ерекше пікірін хаттамаға енгізуге міндетті болады.

16. Жалпы акционерлер жиналысының хаттамасы Жалпы акционерлер жиналысы жабылғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей рәсімделеді және ол мына мәліметтерден тұруы керек:

- 1) Банктің толық атауы мен Банк басқармасының орналасқан жері;
- 2) Жалпы акционерлер жиналысының жүргізілетін уақыты, мерзімі мен орны;
- 3) Жалпы акционерлер жиналысында ұсынылатын, Банктегі дауыс беретін акциялардың саны туралы деректер;
- 4) Жалпы акционерлер жиналысының жиналымы;
- 5) Жалпы акционерлер жиналысындағы күн тәртібі;
- 6) Жалпы акционерлер жиналысындағы дауыс беру тәртібі;
- 7) Жалпы акционерлер жиналысындағы төраға мен хатшыны көрсету;
- 8) Дауыс беруге ұсынылатын Жалпы акционерлер жиналысы күн тәртібіндегі әрбір сұрақ бойынша акционерлер дауысының жалпы саны;
- 9) Жалпы акционерлер жиналысына қатысатын тұлғалардың сөздері;
- 10) Дауыс беруге ұсынылатын сұрақтар, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 11) Жалпы акционерлер жиналысында қабылданатын шешімдер.

17. Жалпы акционерлер жиналысындағы хаттамаға төраға, хатшы, дауыс беретін акциялардың он және одан жоғары пайызына ие әрбір акционерлер мен осы Жалпы акционерлер жиналысына қатысушылар мен есептеу комиссиясының мүшелерінің қолдарын қояды.

Қол қоюы міндетті болып саналатын тұлға хаттамаға қол қоюы мүмкін болмаған жағдайда оған берілген сенімхаттың негізінде оның өкілі қол қоятын болады немесе акционердің атынан немесе оның мүдделерін көздейтін сенімхатсыз әрекет ету құқығының шартына ие немесе Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес қолын қоя алады.

29 Бап. Сырттай дауыс беру арқылы Жалпы акционерлер жиналысында шешім қабылдау

1. Банктің Жалпы акционерлер жиналысындағы шешімдер сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру Жалпы акционерлер жиналысына қатысатын Банк акционерлерінің жасырын дауыс беруімен бірге қолданылуы мүмкін (аралас дауыс беру), немесе

Банк Жалпы акционерлер жиналысында мәжіліс жүргізбестен дауыс береді.

2. Жалпы акционерлер жиналысын өткізбестен сырттай дауыс беру кезінде осы Жарғының 27 бабымен белгіленген, бұқаралық ақпарат құралдарында Жалпы акционерлер жиналысын жүргізу уақытына дейін 45 күннен кешіктірмей, Жалпы акционерлер жиналысын өткізу туралы мәлімдемемен (хабарлаумен) бірге Жалпы акционерлер жиналысында дауыс беру үшін бюллетень жариялайды.

3. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешім қабылдау үшін сырттай дауыс беру жүргізу кезінде бірыңғай үлгідегі бюллетеньдер қолданылуы керек.

Дауыс беру бюллетені мыналардан тұрады:

- 1) Банктің толық атауы мен Банк басқармасының орналасқан жері;
- 2) Жалпы акционерлер жиналысын шақырудың бастамашысы туралы деректер;
- 3) Сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер ұсынудың нақты уақыты;
- 4) Жалпы акционерлер жиналысы шақырылған жағдайда оның жүргізілетін уақыты немесе Банктің Жалпы акционерлер жиналысында мәжіліс жүргізбестен сырттай дауыс беру үшін дауыстарды есептеу уақыты;

5) Жалпы акционерлер жиналысының күн тәртібі;

6) Егер де Жалпы акционерлер жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы сұрақ болатын болса, кандидаттарды сайлауға ұсынылатын есімдер.

7) Дауыс беру жүргізілетін сұрақтардың қойылуы;

8) «иә», «қарсы», «қалыс қалғандар» сияқты сөздермен белгіленетін дауыс беруге шығарылатын Жалпы акционерлер жиналысының күн тәртібіндегі әрбір сұрақтар бойынша дауыс беру нұсқалары;

9) Жалпы акционерлер жиналысының күн тәртібіндегі әр сұрақ бойынша дауыс беру тәртібін (бюллетень толтыру) түсіндіру.

4. Дауыс беруші акционердің-жеке тұлғаның немесе дауыс беруші акционердің жетекшісінің – заңды тұлғаның немесе оның орнындағы тұлғаның қолдары қойылмаған бюллетень, сонымен бірге акционердің мөрінсіз – заңды тұлғаның (ол болған жағдайда) жарамсыз болып табылады.

5. Дауыс беру кезінде Жалпы акционерлер жиналысының қатысушыларын тіркеу кезінде Банктің ие болған немесе Банктің Жалпы акционерлер жиналысының мәжілісін жүргізбестен шешімдер қабылданатын дауыстарды есептеу уақытында бюллетендері ғана пайдаланылуы мүмкін.

6. Сырттай дауыс беру түріндегі қабылданатын шешімдер Жалпы акционерлер жиналысын жүргізу үшін қажетті жиналымды сақтау кезінде жарамды болып саналады.

7. Сырттай дауыс беру нәтижелері Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған мерзімде, осы Жарғымен белгіленген бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы керек.

30 Бап. Банк директорларының Кеңесі

1. Банк директорларының Кеңесі Банк қызметінің жалпы жетекшілігін жүзеге асыратын Банк басқармасының органы болып саналады.

2. Банк директорларының Кеңесінің мүшелері жиынтықты дауыс берумен Жалпы акционерлер жиналысымен сайланады, Банк директорларының Кеңесінде бір орынға бір кандидат дауысқа салынған жағдайды қоспағанда.

Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша бір кандидат үшін толығымен дауыс беруге құқылы немесе Банк директорларының Кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидаттар арасында оларды үлестіре алады. Банк директорларының Кеңесіне сайланғандар ең көп дауыс санын жинаған кандидат болып саналады.

Банк директорларының Кеңесінің мүшелігіне егер де екі немесе одан көп кандидаттар тепе тең дауыс мөлшерін жинаған жағдайда, онда осы кандидаттарға қатысты тепе тең дауыс санын жинаған кандидаттар көрсетілген жиынтықты дауыс берумен акционерлерге бюллетень ұсыну арқылы қосымша жиынтықты дауыс беру жүргізіледі.

3. Банк директорларының Кеңесінің өкілеттігінің мерзімі Жалпы акционерлер жиналысымен белгіленеді. Банк директорларының Кеңесінің өкілдігінің мерзімі осы Жарғы және Заңмен

қарастырылған тәртіппен, Банк директорларының Кеңесінің жаңа құрамына сайлау өтетін Жалпы акционерлер жиналысын жүргізген уақытта бітеді.

4. Жалпы акционерлер жиналысының шешімі бойынша Банк директорларының Кеңесінің кез келген мүшесінің (барлық мүшелерінің) өкілдігі мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Банк директорларының Кеңесінің өкілдігі мерзімінен бұрын тоқтаған жағдайында Банк директорларының Кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Жалпы акционерлер жиналысында ұсынылатын жиынтықты дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Банк директорларының Кеңесіне қайта сайланған мүшенің өкілдігі Банк директорларының Кеңесінің барлық мүшелерінің өкілдіктерінің мерзімдері біткенде бір уақытта бітеді.

5. Банк директорларының Кеңесінің мүшесінің өкілдігінің өзінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы Банк директорларының Кеңесінің жазбаша мәлімдемесінің негізінде жүзеге асырылады. Банк директорларының Кеңесінің осындай мүшесінің өкілдігі Директорлар кеңесінің осындай мәлімдеме алған уақытынан бастап тоқтатылады. Банк директорларының Кеңесінің бір немесе бірнеше мүшелерінің өкілдіктерінің тоқтатылуы кезіндегі Директорлар кеңесінің мәжілісінің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдер осы баптың 16 тармағымен бекітілген жиналу болған жағдайда қабылданады, және осындай шешімді қабылдау үшін Банк директорларының Кеңесінің қалған мүшелерінің жалпы дауыс санынан дауыстың қарапайым көпшілігімен дауыс берген болса.

Банк директорларының Кеңесінің мүшелерінің жалпы саны осы баптың 17 тармағымен белгіленген жиналымға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Банк директорларының Кеңесінің қалған мүшелері Банк директорларының Кеңесінің жаңа мүшесін сайлау үшін кезектен тыс Жалпы акционерлер жиналысын шақыру туралы ғана шешім қабылдауға құқылы болады.

6. Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде тек жеке тұлға сайланады. Директорлар кеңесінің мүшесі акционерлер қатарынан сайланады – акционер өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылатын жеке тұлғалар және (немесе) акционер өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмайтын және Банктің акционерлері болып саналмайтын жеке тұлғалар.

7. Директорлар кеңесінің мүшесі осы Жарғымен және (немесе) Заңға сәйкес өзіне жүктелген қызметтерді атқаруды өзге тұлғаларға беруге құқылы емес.

8. Банк директорларының Кеңесінің қатысты шығыстар тиісті уақыттың ішінде Банк бюджетінің шеңберінде Банк басқармасына қатысты шығыстардан аспауы керек.

9. Банк директорларының Кеңесінің құрамынан отыздан кем емес пайыз тәуелсіз директорлар болуы керек.

10. Банк директорлар Кеңесі мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте күзіретті органмен келісілуі тиіс.

11. Басқарма Төрағасынан өзге, Банк директорларының Кеңесінің мүшелері, Банк директорларының Кеңесінің мүшелері бола алмайды.

Басқарма Төрағасы лауазымы бойынша Банк директорларының Кеңесінің мүшесі болып саналады.

12. Банк директорларының Кеңесінің мүшесі лауазымына банктер туралы Заңның қоятын талаптарына сәйкеспейтін тұлға тағайындала (сайлана) алмайды.

13. Банк директорларының Кеңесінің Төрағасы ашық дауыс беру арқылы Банк директорларының Кеңесінің мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыспен оның мүшелерінің қатарынан сайланады.

Төраға Банк директорларының Кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, директорлар Кеңесінің мәжілістерінде төрағалық етеді.

14. Директорлар кеңесінің мәжілісі Басқарма немесе оның Төрағасының бастамасы бойынша шақырылады немесе Банк директорларының Кеңесінің кез келген мүшесінің, ішкі тексеріс Қызметінің, Банкке тексерісті жүзеге асыратын тексеру ұйымдарының, Банктің ірі акционерінің талабы бойынша шақырылады.

15. Директорлар кеңесінің мәжілісінің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды ұсыну арқылы, мәжілістің күн тәртібін, уақытын, мерзімі мен орнын көрсету арқылы жазбаша

түрде мәжілісті өткізу туралы Директорлар кеңесіне мәлімдеу Директорлар кеңесі мәжілісін өткізу уақытына дейін 3 күнтізбелік күннен кем емес уақытта Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберіледі, егер де басқа мерзім Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын сұрақтардың сипатына байланысты Директорлар кеңесінің Төрағасымен анықталмаса.

16. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің мәжілісіне оның қатысуының мүмкін еместігі туралы Банк басқармасына алдын ала мәлімдеуі керек.

17. Банк директорларының Кеңесінің мәжілісін жүргізу үшін жиналым бір тәуелсіз директорды қосқанда, Банк директорларының Кеңесінің мүшелерінің жалпы санының жартысынан кем емес болуы керек. Мұнда Директорлар кеңесінің мәжілісі өтетін орында болмағандар Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын барлық сұрақтарды талқылауға қатысуына құқылы болады, және телефон немесе өзге байланыс арқылы олар бойынша дауыс беруге де қатыса алады, бұл оған Директорлар кеңесі мүшелерінің жиналысының өтетін орнында болмағандарды бірыңғай теңдестіруге мүмкіндік береді және осы Директорлар кеңесі мүшесінің пікірлері мен ойларын және олардың қабылдайтын шешімдерін дұрыс қабылдауға мүмкіндік береді.

Мәжіліс өткен орында болмаған, Директорлар кеңесінің мүшесінің қатысуымен Банк директорларының Кеңесі шешім қабылдаған кезінде, Директорлар кеңесінің мәжілісінің хаттамасында Директорлар кеңесінің мүшелерінің мәжілісі өткен орында болмағандарды бірыңғай теңдестіруге мүмкіндік беретін телефон немесе өзге байланыс арқылы олар бойынша шешімдер қабылдау мен мәселелерді талқылауға Директорлар кеңесінің осы мүшесінің қатысқандығы көрсетілуі керек. Мұндай жағдайда Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесі мәжілісі өткен күннен бастап бір айдан кешіктірмей мерзімде пошталық байланыс құралдарын пайдалану арқылы қабылданған шешімдер бойынша оның дауыс беру нәтижелерін мақұлдайтын жазбаша құжатты Банк директорларының Кеңесінің хатшысына жіберуі керек немесе оған әдейі беруі керек. Мұндағы осындай жазбаша құжаттың көшірмесі мәжіліс өткен күннен кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей Банк директорларының Кеңесінің хатшысына көшірмелік немесе электронды байланысты пайдалану арқылы Банк директорларының Кеңесінің мүшелеріне жіберілуі керек.

18. Әрбір директорлар кеңесінің мүшесі бір дауысқа ие.

Банк директорларының Кеңесінің шешімдері көзбе-көз тәртіппен мәжіліс өткізу кезінде Банк директорларының Кеңесінің мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілік дауысымен немесе сауалнама тәртібімен шешім қабылдау кезінде Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санынан Директорлар кеңесі мүшелерінің қолдарының қарапайым көпшілігі болғанда қабылданады (сырттай дауыс беру), осы Жарғының 31 бабындағы 3 тармақпен қарастырылған жағдайды қоспағанда. Дауыстар тепе тең түскен жағдайда Директорлар кеңесі Төрағасының дауысы (көзбе көз мәжіліс өткізу кезінде немесе мәжіліс өткізбестен) немесе Директорлар кеңесі мәжілісінде төрағалық ететін тұлғалар (бір мәжілісті өткізу кезінде), шешуші болып табылады.

19. Мәжілісте қабылданған көзбе көз тәртіппен жүргізілген Директорлар кеңесінің шешімдері мәжіліс өткен күннен бастап үш күннің ішінде Директорлар кеңесінің мәжілісінде хаттамамен рәсімделеді.

Директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамасы мына төмендегідей ақпараттардан тұрады:

- 1) Банктің толық атауы мен Банк басқармасының орналасқан жері; а;
- 2) Директорлар кеңесінің мәжілісі жүргізілетін уақыты, мерзімі мен орны;
- 3) Директорлар кеңесінің мәжілісіне қатысатын тұлғалар туралы деректер;
- 4) Мәжілістің күн тәртібі;

5) Дауыс беруге шығарылатын сұрақтар мен Директорлар кеңесі мәжілісінің күн тәртібіндегі әрбір сұрақтар бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижелері бейнеленген олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

- 6) Директорлар кеңесінің мәжілісінде қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімімен өзге деректер.

20. Директорлар кеңесінің мәжілісінің хаттамасына Директорлар кеңесінің Төрағасы қол қояды, немесе мәжілісте төрағалық еткен және мәжілістің хатшысы қол қояды.

21. Банк директорларының Кеңесінің қарауына шығарылатын сұрақтар бойынша шешімдер

сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдер белгіленген мерзімде алынған бюллетеньде жиналым болғанда қабылданған болып есептеледі. Директорлар кеңесінің сырттай мәжілісінің шешімдері жазбаша түрде рәсімделуі керек (Директорлар кеңесінің сырттай мәжілісінің хаттамасы) және Директорлар кеңесінің Төрағасы мен хатшысы қолдарын қоюы керек.

22. Директорлар кеңесінің көзбе көз және сырттай мәжілісінің хаттамалары Банктің мұрағатында сақталады және мөрдің таңбасы мен Банктің өкілетті қызметкерінің қолымен расталған, Директорлар кеңесінің көзбе көз және (немесе) сырттай мәжілісінің хаттамасынан көшірмелер беру арқылы және (немесе) таныстыру үшін Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің талабы бойынша мәжілістің хатшысы ұсынады.

31 Бап. Банк директорлар кеңесінің құзіреті

1. Директорлар кеңесі Жалпы акционерлер жиналысының айрықша құзіретіне қатысты Заңға және (немесе) осы Жарғыға жататын сұрақтарды шешуді қоспағанда, Банк қызметіне жалпы жетекшілікті жүзеге асырады.

1. Директорлар кеңесінің айрықша құзіретіне мынадай сұрақтар жатады:

1) Банк дамуының стратегиясы мен Банк қызметінің басымдылық бағыттарын анықтау немесе Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларда Банктің даму жоспарын бекіту;

2) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына Банк жарғысының сәйкестігін қамтамасыз ету, сонымен бірге оны өзекті қалпында қолдау;

3) Кезектен тыс және жылдық Жалпы акционерлер жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

4) Банктің Жалпы акционерлер жиналысының шешіміне Заңмен қарастырылған сұрақтарды шығару;

5) Акцияларды орналастыру (жүзеге асыру) туралы шешімдер қабылдау, оның ішінде Банктің жарияланған акцияларының мөлшерінің шеңберінде орналастырылатын (жүзеге асырылатын) акциялардың саны туралы, оларды орналастыру (жүзеге асыру) тәсілдері мен бағасы мен халықаралық биржаларда Банктің депозитарлық қолхаты немесе акциялар листингіне жататын қатысты құнды қағаздарды орналастыруға ұсыныстар туралы;

6) Орналастырған акциялар немесе өзге құнды қағаздарды Банктің сатып алуы туралы шешім қабылдау және оны сатып алу бағасы;

7) Банктің жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту;

8) Банктің туынды құнды қағаздары мен облигацияларының шығарылым шарттарын анықтау, сонымен бірге оларды шығару туралы шешім қабылдау;

9) Сандық құрамын анықтау, Банк басқармасы мүшелерінің өкілдік мерзімін анықтау, Басқарма мүшесі мен Төрағаны сайлау, сонымен бірге олардың өкілдігін мерзімінен бұрын тоқтату;

10) Еңбек төлемінің шарттары мен лауазымды еңбек ақы мөлшерін анықтау және Басқарма мүшесі мен Төрағаға сыйлық ақы беру;

11) Сандық құрамын анықтау, Банктің ішкі тексерісінің Қызметінің өкілдік мерзімін анықтау, оның жетекшісі мен мүшелерін тағайындау, сонымен бірге оның өкілдігін мерзімінен бұрын тоқтату, Банктің ішкі тексерісінің Қызметінің жұмыс істеу тәртібін анықтау, Еңбек төлемінің шарттары мен лауазымды еңбек ақы мөлшерін анықтау және Банктің ішкі тексерісінің Қызметі қызметкерлеріне сыйлық ақы беру;

12) корпоративтік хатшы өкілдігінің мерзімін анықтау, тағайындау, оның өкілдігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен бірге лауазымдық еңбек ақы көлемін анықтау және корпоративтік хатшыға сыйлық ақы тағайындау шарттары;

13) Бас комплаенс-бақылаушы лауазымына тағайындау және босату;

14) Банктің ұйымдастыру құрылымын бекіту;

15) Қаржылық есепті тексергендігі үшін тексеру ұйымының қызметінің, сонымен бірге Банк акцияларының төлеміне берілген, мүліктің нарықтық құнының бағасы бойынша бағалаушы төлемінің көлемін анықтау немесе ірі келісім шарт заты болып табылатын;

16) Тиісті жыл ішіндегі Банк бюджетін бекіту және оның орындалуын бақылау;

17) Банктің жүргізетін операцияларының жалпы шарттары туралы ережелерді бекіту;

18) Банктің ішкі несиелік саясаты туралы ережені бекіту;

19) Банктің бухгалтерлік есебінің саясатын анықтау (Банктің есептік саясаты);

20) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес Директорлар кеңесі құзіретіне жататын Банктің ішкі қызметін (ережелерін, саясатын) реттейтін құжаттарды бекіту, оның ішінде Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында Банк басқармасымен қабылданатын құжаттарды қоспағанда, Банктің құнды қағаздарының жазылымы мен аукцион жүргізу тәртібі мен шарттарын белгілейтін ішкі ережелер;

21) Банк өкілдіктері мен филиалдарын құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және ол туралы ережелерді бекіту;

22) Өзге заңды тұлғалардың он және одан жоғары акция пайыздарын Банктің иеленуі (айрылуы) туралы шешім қабылдау (шартты капиталға қатысу үлесі);

23) заңды тұлғалардың Жалпы акционерлер жиналысының (қатысушылардың) құзіретіне жататын Банк қызметінің сұрақтары бойынша шешім қабылдау, банкке тиесілі акциялардың он және одан жоғары пайыздары (шартты капиталға қатысу үлесі);

24) Қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын құпияны құрайтын Банк немесе оның қызметі туралы ақпараттарды анықтау;

25) Банктің мүддесі көзделіп жасалатын келісімдер мен ірі келісімдер жасау туралы шешімдер қабылдау Заңмен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады;

26) Ерекше қатынаста Банкпен байланысты тұлғалармен келісім жасасу туралы шешім қабылдау;

27) Банктің дербес капиталының мөлшерінің он және одан жоғары пайыз мөлшерін құрайтын шамаға Банк міндеттемесінің ұлғаюы.

28) Директорлар кеңесі мүшелеріне өтемақы мен сыйақы төлемінің шарттарына қатысты Жалпы акционерлер жиналысының ұсыныстары;

29) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру, Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту және Директорлар кеңесінің комитеттері мүшелерін сайлау;

30) Басқарма есептерін қарау арқылы Банк шешіміне сәйкес осы биржада айналымға рұқсат етілген Банктің құнды қағаздарына қатысты белгіленген ақпараттарды ашу бойынша биржа талаптары мен листингтік ережелерді Банктің сақтауын бақылау;

31) Банктің корпоративтік басқарма Кодексін алдын ала мақұлдау, сонымен бірге оған толықтырулар мен өзгертулер;

32) Акциялармен өзге төлем жасау немесе Банк акцияларына опциондар ұсынуды қарастыратын Директорлар кеңесі мүшелерін қоспағанда, Банк қызметкерлеріне сыйлық ақы тағайындаудың ерекше шарттарын бекіту, сонымен қатар Жалпы акционерлер жиналысымен бекітілген ынталандыру тәртібіне сәйкес осындай шарттарға өзгертулер мен толықтырулар;

33) Қазақстан Республикасы қор биржаларында Банк құнды қағаздарының листингін тоқтату туралы шешім (акцияларды қоспағанда) және/немесе өзге елдердің;

34) Заңмен және (немесе) осы Жарғымен шешімдердің қабылдануы Директорлар кеңесінің айрықшы құзіретіне жатуы мүмкін сұрақтар.

3. Осы баптың 2 тармағында көрсетілген сұрақтар бойынша Директорлар кеңесінің шешімі, Банк Басқармасы Төрағасын сайлау туралы сұрақтарды қоспағанда және оның өкілдіктерін мерзімінен бұрын тоқтату осы Жарғының 30 Бабының 18 тармағымен бекітілген тәртіппен қабылданады.

Банк Басқармасы Төрағасын сайлау сұрақтары туралы Директорлар кеңесінің шешімі мен оның өкілдігін мерзімінен бұрын тоқтату Банктің директорлар кеңесі мүшелерінің дауыстарының жалпы санынан үштен екі санынан кем емес мөлшердегі дауыстар көпшілігімен қабылданады.

Мұнда Банк директорлар кеңесі мүшелері Басқарма Төрағасы лауазымына сайлауға кандидат болып саналатын немесе сәйкесінше Басқарма Төрағасы осы сұрақ бойынша шешім қабылдауға қатыспайды.

4. Директорлар кеңесі осы Жарғыға сәйкес Банк Басқармасы мен Жалпы акционерлер жиналысының құзіретіне жататын сұрақтар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы емес, сонымен бірге Жалпы акционерлер жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға.

Директорлар кеңесінің айрықша құзіретіне жататын сұрақтар Банк Басқармасына шешу үшін берілуі мүмкін емес.

5. Директорлар кеңесінің міндеттері:

1) лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейінде мүдделерде болатын талас тартыстарды қадағалау және мүмкіндігі бойынша жою, әсіресе Банк меншігін дұрыс пайдаланбау және мүдделік танытқан келісімдер жасалуы кезінде дұрыс емес әрекеттер жасау сияқты;

2) Банктегі корпоративтік басқарма тәжірибесінің тиімділігін бақылау.

6. Директорлар кеңесі мына сұрақтардың кез келген түрі бойынша шешімдер қабылдайды (егер де мұндай сұрақтар Директорлар кеңесінің айрықша құзіретіне жататын болғанда), немесе Жалпы акционерлер жиналысының қарауына мына сұрақтардың кез келген түрін ұсынады (егер де мұндай сұрақтар Жалпы акционерлер жиналысының айрықша құзіретіне жататын болғанда), Директорлар кеңесінің мүшелерінің көпшілігі тәуелсіз директорлардың көпшілігін қосқанда осындай шешім үшін тиісті Директорлар кеңесі мәжілісінде дауыс берген жағдайында:

1) Келісімнің сомасы Банктің дербес капиталының жалпы сомасынан елу және одан жоғары пайызды құрайтын болғанда, Банктің қарапайым акцияларының оннан астам пайызына ие Банк акционерлерімен және Банкпен келісім жасасу;

2) Банк жарғыларын алдын ала мақұлдау, оларға өзгертулер мен толықтырулар;

3) Корпоративтік басқарма Кодексін алдын ала мақұлдау, сонымен бірге оларға өзгертулер мен толықтырулар;

4) Директорлар кеңесі комитеті құзіретін бекіту және өзгерту және оның мүшелерін сайлау;

5) Банктің орналастырылған қарапайым акцияларының жалпы санынан жиырма бес және одан жоғары пайыздан асатын мөлшерде Банктің қарапайым акцияларын орналастыру;

6) Ірі келісімдер жасау туралы шешімдер қабылдау (нәтижесінде Банк ие болатын немесе айрылатын бір бірімен өзара байланысты келісімдердің жиынтығы немесе келісім шарт (ие болуы мүмкін немесе айрылуы мүмкін) мүлік, құны Банк активтерінің құнының жалпы көлемінен жиырма бес және одан жоғары пайызды құрайды);

7) нәтижесінде Банктің шағырған қарапайым акциялары сатып алынатын немесе сатып алу немесе сатуға тиесілі Банктің қарапайым акцияларының жалпы санынан жиырма бес пайыздан аспайтын көлемде олардың Банктің сатып алған қарапайым акцияларын сатуы бойынша келісім шарт жасау туралы шешім қабылдау;

8) Банктің дербес капиталының көлемінен елу және одан жоғары пайызды құрайтын шамаға Банк міндеттемелерінің ұлғаюы;

9) Банкті ерікті түрде қайта құру немесе тарату туралы ұсыныстар енгізу;

10) Өзге елдер және/немесе Қазақстан Республикасы қор биржасында (акцияларды қоспағанда) банктің құнды қағаздарының листингін тоқтату туралы шешім қабылдау;

11) Қаржылық жылдың нәтижелері бойынша Банкке тексеріс жүргізетін тексеру ұйымдарының анықтауы бойынша ұсыныстар.

Осы жарғының 31 бабындағы 6 тармақпен қарастырылған кез келген сұрақтарды қарастыру кезінде тәуелсіз директорлар Банктің директорлар кеңесінің Төрағасымен алдын ала келісілген шарттармен және Банктің қаражаты есебінен (оның ішінде заңды және қаржылық) кәсіби кеңесшілерден ұсыныстар алуға құқылы болады.

7. Директорлар кеңесі мүшелері өздерінің мүдделері көзделіп жасалатын кез келген келісім бойынша шешім қабылдау мен қарауға қатысуға құқылы болмайды. Осы Жарғының 31 бабындағы 6 тармақпен қарастырылған сұрақтарды қарастыру кезінде кез келген тәуелсіз директорлардың бірі

мүдделі болған жағдайда, тәуелсіз директорлардың көпшілігі осындай келісімді жасауға мүдделі емес тәуелсіз директорлардың жалпы санымен анықталады.

8. Банктің ерекше қатынаста банкпен байланысты тұлғамен келісім жасауымен байланысты кез келген банк операциясы тұлға Банкпен ерекше қатынаста болмағандағы келісім сияқты шарттарда жасалуы керек. Ерекше қатынастағы Банкпен байланысты тұлғалармен келісімдер банк қызметін реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған тәртіппен жасалады.

32 Бап. Банк басқармасы

1. Басқарма банктің алқалық атқарушы органы болып табылады, банк атынан әрекет етеді, осы Жарғы және Заңмен белгіленген тәртіпте Банк атынан келісімдер жасайды, Банктің барлық қызметкерлері орындау үшін міндетті нұсқаулықтар береді және Банк атынан келісім жасайды, оның мүдделерін қорғайды.

2. Банк басқармасы Басқарма Төрағасы мен Банк Басқармасының өзге мүшелерінен тұрады. Басқарманың сандық және жеке құрамы Банктің директорлар кеңесімен анықталады.

Төраға мен Басқарма мүшелері Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте өкілетті органмен келістіріледі.

Төраға мен Басқарма мүшелері Банк мүддесі үшін әрекет етулері керек, кіршіксіз іскерлік беделге ие болуы керек, Банктің ағымдағы қызметіне жетекшілік ету үшін қажетті кәсіби біліктілікке ие болуы керек, Банк қызметінің саласында және басқару саласында да араны білімге ие болуы керек.

3. Басқарма мүшесі ретінде тек жеке тұлға сайлануы керек. Басқарма мүшесі банк акционерлері және (немесе) Директорлар кеңесі ұсынған тұлғалар қатарынан сайланады.

Банк туралы Заңның қоятын талаптарына сәйкес келмейтін тұлға Банк Басқармасы мүшесі лауазымына сайлана (тағайындала) алмайды.

4. Банк директорлар кеңесі шешімімен Басқарма мүшелерінің өкілдігі мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Банк атынан Басқарма Төрағасымен еңбек шартына Банк директорлар кеңесі Төрағасы немесе Директорлар кеңесімен осыған өкілетті тұлға қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен еңбек шарттары олардың әрбірімен Банк атынан Басқарма Төрағасымен жасалады.

Басқарма мүшелерінің қызмететрі, құқықтары мен міндеттері Заңмен, осы Жарғымен, Банктің ішкі құжаттарымен және еңбек шартымен анықталады.

5. Банк Басқармасының мүшесі мен Басқарма Төрағасы Банк директорларының кеңесінің келісімімен ғана өзге ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

6. Басқарма Басқарма Төрағасымен қажеттілігіне байланысты немесе үштен бірінен кем емес оның мүшелерінің талаптары бойынша немесе оның орнындағы тұлғамен шақырылады.

7. Басқарма мәжілісі Басқарма мүшелерінің жалпы санынан жартысынан астам мөлшері қатысқан жағдайда заңды болып саналады.

Басқарма мәжілістерін жүргізу басқарма Төрағасымен немесе оның орнын басатын тұлғамен жүзеге асырылады.

8. Басқарма мәжілісіне шығарылатын мәселелер бойынша шешімдер мәжіліске қатысатын басқарма мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады.

Дауыстар тең келген жағдайда Басқарма Төрағасының дауысы шешімді болып саналады.

Басқарма мәжілісіне шығарылатын мәселелер бойынша шешімдер сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін және Басқарманың сырттай мәжілісінің хаттамасы түрінде рәсімделеді.

9. Басқарма шешімі шешім қабылдауға қатысатын басқарма мүшелерінің/мәжілістегі барлық қатысушылардың қолдары қойылуы керек көзбе көз немесе сырттай мәжілістің хаттамасымен рәсімделеді және дауыс беруге қойылатын сұрақтардан тұрады, әрбір сұрақ бойынша Басқарманың әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесі бейнеленген ол бойынша дауыс беру нәтижелерінен тұрады.

10. Басқарма мәжілісінің хаттамасын жүргізу мәжіліс хатшысымен жүзеге асырылады.

Басқарма шешімімен келіспеген жағдайда басқарма мүшесі талап етуіне құқылы болады, ал хатшы хаттамаға ерекше пікірді енгізіп қояды.

Басқарма мәжілісінің хаттамасы мәжіліс хатшысы мен оған осы жиналысқа қатысқан Басқарма мүшелері қолдарын қойған жағдайда жарамды болып саналады.

33 Бап. Басқарма құзіреті

1. Басқарма Директорлар кеңесі, Жалпы акционерлер жиналысы шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді және Банктің директорлар кеңесі мен Жалпы акционерлер жиналысының айрықша құзіретіне жататын сұрақтарды қоспағанда, кез келген сұрақтар бойынша шешім қабылдауға өкілетті.

2. Басқарма мынадай қызметтерді атқарады:

1) Банктің даму стратегиясын өңдейді, Банктің даму стратегиясының орындалуын қамтамасыз етеді;

2) Бекітілуі банктің өзге органдарының құзіретіне жататын құжаттарды қоспағанда Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында өңделген ішкі құжаттарды бекітеді;

3) Міндеттерді үлестіреді, сонымен бірге Басқарма мүшелері арасында өкілдік пен жауапкершілік салаларын үлестіреді;

4) Банк бюджетін өңдейді және оның орындалуына тексеріс жүргізеді;

5) Осы Жарғы мен Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес анықталған тәртіппен Акционер мен Директорлар кеңесіне қаржылық есепті ұсынады (бухгалтерлік баланс, табыстар мен шығыстар туралы есеп, ақша қозғалысы туралы есеп пен қаржылық есеп және бухгалтерлік есеп туралы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес өзге есептер);

6) Жылжымайтын мүлік нысандарына ие болу және айрылу туралы шешімдер қабылдайды.

7) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Банктің үшінші тұлғаларға ұсынатын қарыз (кепілдеме, кепілдік) көлемін анықтайды (лимитті белгілейді), Банктің өзге органдарына айрықша құзіреттігіне жататын сұрақтарды қоспағанда;

8) Қазақстан республикасы заңнамасымен бекітілген тәртіппен Банк өкілдіктері мен филиалдың бірінші жетекшілерін сайлау (тағайындау) туралы шешім қабылдайды;

9) Банк штатын бекітеді, ішкі еңбек тәртібінің ережелерін, оның құзіреті шеңберінде мадақтаулар ұсыну мен жаза тағайындауды реттейтін ішкі ережелерін бекітеді;

10) Банктің ұйымдастыру құрылымын өңдейді;

11) осы Жарғыға, Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін және Банктің өзге органдарының құзіретіне жатпайтын өзге қызметтерді жүзеге асырады.

3. Банк Басқармасы жұмысшы органдарды құруға құқылы немесе оның құзіреттілігіне жататын аса маңызды мәселелерді қарау үшін комитетті құруға құқылы.

4. Осы Жарғының негізінде Басқарма Төрағасының орынбасары оның үшінші тұлғамен қатынасында Банкке ұсыну құқығына сенімхат беруге құқылы.

34 Бап. Басқарма Төрағасы

1. Басқарма Төрағасы банктің Директорлар кеңесімен сайланады және Банк қызметіне шұғыл жетекшілікті жүзеге асырады.

2. Басқарма төрағасы мынадай қызметтерді жүзеге асырады:

1) банк басқармасының жұмысын ұйымдастырады;

2) Директорлар кеңесі мен банк акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

3) сенімхатсыз үшінші тұлғамен қатынаста банк атынан әрекет етеді;

4) оның үшінші тұлғалармен қатынасында Банкке ұсыну құқығына сенімхат береді;

5) Заңмен бекітілген жағдайлардан өзге Банк қызметкерлерін жұмыстан босату мен жылжыту, қабылдауды жүзеге асырады, оларға мадақтау шараларын қолданады және тәртіптік жазалаулар салады, банктің штаттық кестесіне сәйкес еңбекақыға жеке үстемелер мен банк қызметкерлерінің лауазымды еңбек ақыларының көлемін белгілейді, Басқарма, банктің ішкі тексерісі Қызметінің банктің есепті Директорлар кеңесі құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда;

6) Өзі болмаған жағдайда басқарма мүшелерінің біріне өзінің міндеттемелерінің орындалуын жүктейді;

7) осы Жарғы мен қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған тәртіппен банктің қаражаты мен мүлкін басқарады;

8) осы Жарғыға, Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін өзге қызметтерді жүзеге асырады, әсіресе Банктің өзге органдарының құзіретіне жатпайтын жалпы акционерлер жиналысының шешімдерімен анықталған.

35 Бап. Банктің несиелік комитеті

1. Банктің несиелік комитеті ішкі несиелік саясаты жүзеге асыратын әрдайым әрекет ететін алқалық жұмысшы орган болып саналады. Банкте Бірыңғай несиелік комитет немесе бірнеше несиелік комитеттер қызмет етуі мүмкін. Банктің несиелік комитеттері олардың қызметінің ерекшелігін бейнелейтін нақтылайтын атауға ие болуы мүмкін.

2. Ішкі несиелік саясат туралы ережелер және сонымен бірге оларға өзгертулер мен толықтырулар осы Жарғы және Қазақстан Республикасы заңнамасымен бекітілген тәртіппен бекітіледі.

3. Несиелік комитеттің шешім қабылдауы мен қызметінің тәртібі (несиелік комитеттермен) банктің директорлар кеңесімен бекітілген, банктің ішкі ережелерімен реттеледі.

VI тарау. Банктің қаржылық есептілігі. Банктің ақпаратты жария етуі. Банк құжаттары

36 бап. Банктің қаржылық (операциялық) жылы. Есеп және есептілік.

1. Банктің қаржылық (операциялық) жылы 1 қаңтардан басталады және 31 желтоқсаннан аяқталады.

2. Банк халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес өзі жүргізетін операциялардың есебін жүргізеді.

3. Банктің бухгалтерлік есеп саясаты Банктің Директорлар кеңесімен айқындалады.

37 бап. Жылдық қаржылық есептілік

1. Банктің жылдық қаржылық есептілігі бухгалтерлік баланстан, кіріс пен шығыс туралы есептерден, ақша қозғалысы мен Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес белгіленген басқа да есептіліктен тұрады.

2. Банк басқармасы жыл сайын Жалпы акционерлер жиналысына Қазақстан Республикасының аудиттік қызметі туралы заңнамасына сәйкес аудиті өткен кезең бойынша Банктің жылдық қаржылық есептілігін талқылау және бекіту үшін ұсынады. Қаржылық есептіліктен басқа, Басқарма Жалпы акционерлер жиналысына аудиторлық есеп береді. Жылдық қаржылық есептілік Жалпы акционерлер жиналысы өтетін күннен кемінде отыз күн бұрын Банктің Директорлар Кеңесімен бекітіледі.

Жылдық қаржылық есептілікті қорытынды бекіту Жалпы акционерлер жиналысында жүзеге асырылады.

3. Банк жыл сайын Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген нысандар мен мерзімдерге сәйкес, Банктің аудиторлық ұйымдастырылуы расталғаннан кейін жылдық бухгалтерлік балансты, капитал өзгерістері туралы есепті, ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті және кіріс пен шығыс туралы есепті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға міндетті.

Мүдделі ірі келісім және (немесе) келісім туралы ақпарат халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікпен қоса берілетін түсіндірме хатта жария етіледі, сонымен қатар Заңға сәйкес тәртіпте акционерлер мен инвесторлар назарына жеткізіледі. Банк активтерінің он немесе одан жоғары пайызын құрайтын сомадағы мүлік сатып алу немесе бөліп алу бойынша келісім туралы ақпарат келісім тараптары туралы ақпаратты, келісім мерзімдері мен шарттарын, келісім сипатын және келісімге тартылған тұлғалардың қатысу үлесінің көлемі,

сонымен қатар келісім туралы басқа мәліметтерді қамтиды.

4. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіп пен мерзімдерде, уәкілетті органға жылдық қаржылық есептілігін ұсынады.

38 бап. Банк аудиті

1. Банк жылдық қаржылық есептілігін, сонымен қатар оның шаруаларының ағымдағы жай-күйін тексеру және дұрыстығын растауды Қазақстан Республикасының аудиторлық қызметі туралы заңнамасына сәйкес аудитті өткізуге құқылы аудиторлық ұйыммен, Қазақстан Республикасының банк заңнамасын ескере отырып жүзеге асырылады.

2. Аудиторлық ұйым тексеріс қорытындылары мен өз тұжырымдарын Директорлар кеңесі мен Банк басқармасына баяндайды.

3. Банкі аудиті Директорлар кеңесі, Басқарма бастамасымен Банк есебінен немесе ірі акционердің бастамасымен және оның есебінен жүзеге асырылады, бұл ретте ірі акционер аудиторлық ұйымды өз бетімен таңдауға құқылы. Аудит ірі акционердің талабы бойынша жүзеге асырылса, Банк аудиторлық ұйым талап ететін барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) ұсынуға міндетті.

39 бап. Банктің ақпаратты жария етуі

1. Банк Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен айқындалған басқа мерзім белгіленбесе, осы баптың 2 тармағында көрсетілген әрекет немесе шешім қабылдау оқиғасы туралы үш жұмыс күні ішінде өз акционерлері мен инвесторларына корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты «ЕгеменҚазақстан», «Казахстанская правда» бұқаралық ақпарат құралдарында немесе Банктің ресми сайтында жария етеді. Қазақстан Республикасында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында (мерзімдік баспа басылымдарында) жария ету талап етілмесе, Банк өз акционерлері мен инвесторларына осындай ақпараты Банктің корпоративтік веб-сайтында жариялау арқылы, сонымен қатар Банк шешіміне сәйкес айналымға қосылған Банктің құнды қағаздары болатын биржаның листингтік талаптарына сәйкес келетін басқа да тәсілдермен жария етеді.

Банк Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес белгіленген қаржылық есептілік депозитарийінің, корпоративтік оқиғалар туралы ақпараттың, Банктің жылдық қаржылық есептілігінің және аудиторлық есептерінің, сонымен қатар уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актісімен айқындалған тәртіпте және мерзімде жыл қорытындысы бойынша ақпараттың жария етілуін қамтамасыз етеді.

Банк қор биржасының ішкі құжаттарымен айқындалған тәртіпте корпоративтік веб-сайтында ірі акционерлер туралы ақпаратты, сонымен қатар басқа заңды тұлғада басшылық немесе басқа да негізгі қызметін қоса атқаратын Банктің Директорлары кеңесі мүшелерінің басқа заңды тұлғада атқаратын құзыреттері мен міндеттері туралы мәліметтерді көрсете отырып, ақпаратты жария етуге міндетті.

Банк қосымша түрде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте және шарттарда корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты жария етуді келесі жолдармен жүзеге асырады:

1) уәкілетті органға ақпарат беру;

2) сауда ұйымдастырушысының ішкі құжаттарына сәйкес осы сауда ұйымдастырушысына ұсыну.

2. Банктің корпоративтік оқиғалары туралы ақпарат деп келесі мәліметтер есептеледі:

1) акционерлер мен инвесторлардың назарына жеткізілуі тиіс, Банктің ішкі құжаттарына сәйкес мәселелер тізіміне сәйкес акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдері;

2) Банктің акциялар мен басқа да құнды қағаздарды шығаруы, және уәкілетті органның Банктің құнды қағаздарын жариялау қорытындылары туралы есепті бекіту, Банктің құнды

қағаздарын жариялау қорытындылары туралы есеп, уәкілетті органның Банктің құнды қағаздарын күшін жоюы;

3) Банк мүдделі ірі келісімдер мен келісімдерді жүзеге асыру;

4) Банк активтерінің бес немесе одан жоғары пайызын құрайтын банк мүлігін кепілге қою (қайта кепіле қою);

5) Банктің жеке капиталының жиырма бес немесе одан жоғары пайызын құрайтын көлемде Банктің қарыз алуы;

6) Банктің белгілі бір қызмет түрлерін жүзеге асыру лицензияларын алуы, Банктің белгілі бір қызмет түрлерін жүзеге асыру лицензияларын тоқтату немесе жою;

7) Банктің заңды тұлға құруға қатысуы;

8) Банк мүлігін арестке қою;

9) Банк активтерінің жалпы көлемінің он немесе одан жоғары пайызын құраған баланстық құны бар Банктің мүлігі жойылған кездегі, төтенше сипатқа ие жағдайлардың орын алуы;

10) Банк немесе оның қызметтік тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тартылуы;

11) корпоративтік дау бойынша істің сотқа берілуі. Бұл ретте, корпоративтік дау бойынша істің сотқа берілуі туралы ақпарат акционерлерге Банкі корпоративтік дау бойынша азаматтық іс туралы хабарлама (шақырту) алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде ұсынылуы тиіс;

12) Банкті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешім;

13) осы Жарғыға, сонымен қатар Банк акцияларын шығару проспектісіне сәйкес белгіленген акционерлер мен инвесторлар мүдделеріне қатысты басқа да жағдайлар.

3. Банктің корпоративтік оқиғалары туралы ақпарат алу үшін Банк қызметі туралы акционер талап ететін ақпарат пен оны қолдану мақсаттары көрсетілетін акционер Банк Басқарма Төрағасының атына жазбаша өтінішпен жүгінеді.

Банк Басқарма Төрағасының немесе ақпарат беруге өкілетті бар басқа да тұлғаның шешімімен құпия сипатқа ие немесе қызметтік, коммерциялық немесе басқа да заңмен қорғалатын ақпараттың берілуіне шектеу қойылуы мүмкін. Банк құпиясын қамтитын мәліметтер тек Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес қана жариялануы тиіс.

Өтініш 30 күнде қарастырылуы тиіс. Белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін, Банк жазбаша түрде берілген өтінішті қарастыру қорытындысы туралы ақпарат беруге міндетті.

40 бап. Банк құжаттары

1. Банк келесі құжаттардың сақталуын қамтамасыз етеді:

1) Банк Жарғысын және Банк Жарғысына енгізілген толықтырулар мен қосымшалары;

2) Құрылтай жиналыстарының хаттамалары;

3) құрылтай келісім-шарты (жалғыз құрылтайшының шешімі), құрылтай келісім-шартына (жалғыз құрылтайшының шешіміне) енгізілген өзгертулер мен толықтырулар;

4) Банкті заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік;

5) банк қызметін және белгілі бір қызмет түрлерін және белгілі бір әрекет түрлерін жүзеге асыру лицензиялары;

6) Банк балансындағы (балансында болған) мүлігіне деген Банк құқытарын растайтын құжаттар;

7) Банк құнды қағаздарын шығару проспектісі;

8) Банктің құнды қағаздарды шығаруға мемлекеттік тіркелуін, құнды қағаздардың күшінің жойылуын растайтын құжаттар, сонымен қатар өкілетті органға берілген Банк құнды қағаздарын жариялау және өтеу туралы есептерді бекіту;

9) Банк филиалдары мен өкілдіктері туралы жарғылар;

10) Акционерлердің Жалпы жиналысы хаттамалары (жалғыз акционер шешімі), дауыс беру қорытындылары мен бюллетеньдер туралы хаттамалар соның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер), акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері туралы материалдар;

11) Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу үшін акционерлер тізімі;

12) Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және бюллетеньдер (соның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер), Директорлар кеңесінің күн тәртібінің мәселелері туралы материалдар;

13) Банк Басқармасының отырыстарының (шешімдерінің) хаттамалары;

14) Банкті корпоративтік басқару кодексі, толықтырулар мен өзгертулер (болған жағдайда).

2. Басқа да құжаттар, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзім аралығында сақталатын Банктің қаржылық есептілігі.

3. Банк акционер талабы бойынша осы Жарғы мен Заңда белгіленген тәртіпке сәйкес, осы баптың 1 тармағында қарастырылған құжаттар көшірмелерін береді.

Банк Басқармасы Төрағасының шешімімен құпия сипатқа ие немесе қызметтік, коммерциялық немесе басқа да заңмен қорғалатын ақпараттың берілуіне шектеу қойылуы мүмкін.

4. Осы баптың 1 тармағында көрсетілген құжаттарды алу үшін акционер Банктің Банк қызметі туралы акционер талап ететін ақпарат пен оны қолдану мақсаттары көрсетілетін акционер Банк Басқарма Төрағасының атына жазбаша өтінішпен жүгінеді. Заңда қарастырылған жағдайларды ескермегенде, өтінішті алғаннан кейін Банк он күн ішінде жауап беруге міндетті. Белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін, банк берілген өтінішті қарастыру қорытындылары туралы өтініш беруші жазбаша хабарлама беруі тиіс.

5. Банк акционерінің талабы бойынша акционердің жазбаша өтінішін алғаннан кейін, Банкон күн ішінде Жарғы мен оған енгізілген өзгертулер мен толықтырулар көшірмелерін ұсынады.

41 бап. Акционерлер мен Банктің қызметтік тұлғаларына олардың үлестес тұлғалары туралы ақпарат беру тәртібі

1. Акционерлер мен Банктің қызметтік тұлғалары Қазақстанның Республикасының заңнамасы мен Банктің ішкі ережелерімен айқындалған мерзімдерде үлестес тұлғалар туралы ақпарат ұсынады.

2. Акционерлер мен қызметтік тұлғалардың үлестес тұлғалары туралы ақпарат алу үшін Банк Акционер мен қызметтік тұлғалардың мекен-жайына тиісті жазбаша хабарлама жібереді және (немесе) хабарламаны Жарғының 39 бабының 1 тармағына белгіленген бұқаралық ақпарат құралдарында ақпарат тізімімен, ақпаратты беру мерзімдері мен нысандарын жариялайды.

3. Банктің келісімді жасауына мүдделі тұлғалар (Банктің үлестес тұлғалары келісім тарабы немесе оған делдал ретінде қатысса келісім тарабы немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысатын үлестес тұлғалар болып табылады) Директорлар Кеңесіне ақпарат ұсынады:

1) олар келісім тарабы және өкілі немесе делдал екендігі туралы үш жұмыс күні ішінде;

2) олар үлестес заңды тұлғалар, соның ішінде он немесе одан жоғары дауыс беру акцияларына (үлестеріне, пайларға) ие үлестес тұлғалармен бірге немесе жеке иелік ететін заңды тұлғалар туралы және қызмет ететін органдары, заңды тұлғалары туралы;

3) мүдделі тұлға бола алатын белгілі жүзеге асырылатын немесе жүзеге асырылуы мүмкін келісімдер жөнінде.

VII Тарау. Банк қызметінің тоқтауы

42 Бап. Банкті қайта ұйымдастыру

1. Банкті қайта ұйымдастыру (қосылу, бірігу, ажырау, бөлініп шығу) Жарғы және Қазақстан Республикасы заңнамасымен бекітілген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Банкті қайта ұйымдастыру ерікті қайта ұйымдастыру жүргізуге өкілетті органның рұқсаты мен жалпы акционерлер жиналысы шешімінің негізінде ғана мүмкін болады. Банкті қайта ұйымдастыру туралы сұрақ Жалпы акционерлер жиналысына қарауға банкке банк директорлар кеңесімен шығарылады.

3. Ерікті қайта ұйымдастыру жүргізуге рұқсат алу туралы өкілетті органға өтініш беру үшін шегіз ретінде банктің жалпы акционерлер жиналысы жатады.

Банкке ерікті қайта ұйымдастыру жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасы заңнамасымен

реттеледі.

4. Егер де Банк қайта ұйымдастырылған жағдайда өзінің қызметін тоқтатқан болса, оның жариялаған, әсіресе орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіппен күшін жоюға тиесілі болады.

43 Бап. Банкті тарату

1. Банк таратылуы мүмкін:

1) өкілетті органның рұқсаты болған жағдайда жалпы акционерлердің жиналысының шешімі бойынша (ерікті тарату);

2) Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған жағдайда сот шешімі бойынша (мәжбүрлікпен тарату).

2. Банкті тарату кезінде оның жарияланған, әсіресе орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіппен күшін жоюға тиесілі болады.

44 Бап. Ерікті тарату

1. Банкті ерікті тарату туралы шешімді Жалпы акционерлер жиналысы қабылдаған жағдайда, Банк өкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен анықталатын, тәртіппен, депозиттерді міндетті кепілдендіру жүйесінің қатысушысы болып саналатын өзге банкке оларды аудару арқылы немесе оларды тікелей төлеу арқылы жеке тұлғалардың депозиттерін қайтару бойынша шаралар қабылдайды. Жеке тұлғалардың депозиттерін қайтарған соң Банк оны ерікті таратуға рұқсат беру туралы өтінішпен өкілетті органға жүгінуіне құқылы болады. Өкілетті органнан рұқсат алған соң Қазақстан республикасы заңнамасына сәйкес тарату комиссиясы құрылады.

2. Банктің ерікті таратылуы кезінде тарату комиссиясының қызметінің ерекшеліктері өкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен анықталады.

3. Тарату комиссиясы тағайындалған уақыттан бастап оған Банк істері мен мүлікті басқару бойынша өкілдіктер өтеді.

45 Бап. Мәжбүрлікпен тарату

Мәжбүрлікпен тарату мыналарға байланысты сотпен жүзеге асырылады:

1) Банқтың банкротқа ұшырауымен;

2) Қазақстан Республикасы банк заңнамасымен қарастырылған негіздер бойынша банк операцияларын жүргізуге банк лицензиясын қайтарып алу;

3) заңнамалық актілермен қарастырылған өзге негіздер бойынша Банк қызметінің тоқтату туралы заңды немесе жеке тұлғалар, өкілетті мемлекеттік органдар өтінішімен (шағымымен).

46 Бап. Банктің банкроттығын мойындау

1. Банктің төлем қабілетсіздігі мен дәрменсіздігі Банк капиталының мөлшері, мәжбүрлеу нормативтерін есептеу әдістемесінің ескеріп құрастырылған (және өзге сақталуы міндетті нормалар мен лимиттер) сотқа ұсынылатын өкілетті органның ұйғарымымен орнатылады.

2. Банк белгіленген тәртіппен сот шешімі бойынша ғана банкрот ретінде мойындалуы мүмкін.

3. Дәрменсіз Банкті таратудың соттан тыс процедурасы Банктің өзі мен оның несие берушілерінің шешімімен рұқсат етілмейді.

47 Бап. Банкті тарату кезіндегі несие берушілердің талаптарын қанағаттандыру

1. Тарату (мүліктік) масса Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте қалыптасады.

2. Банкті мәжбүрлікпен тарату кезіндегі несие берушілердің талаптары Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте қанағаттандырылады.

3. Банк заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеліміне тиісті жазба енгізілген уақыттан бастап өзінің қызметін тоқтатқан болып есептеледі.

48 Бап. Жойылатын Банк мүлкінің акционерлер арасында үлестірілуі

Несие берушілермен есептер аяқталғаннан кейін қалған Банк мүліктері Қазақстан Республикасы банк заңнамасымен қарастырылған тәртіппен акционерлер арасында тарату комиссиясымен үлестіріледі.

Жалғыз акционердің өкілетті тұлғасы – «Altyn Bank» («Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның еншілес банкі) Акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы

Аманжол Станюков Асқар Есетов Аманжол



УСТАВ

**Акционерного общества «Altyn Bank»
(Дочерний Банк АО «Народный Банк Казахстана»)**

Утвержден
решением единственного
акционера АО «Altyn Bank»
(ДБ АО «Народный Банк Казахстана»)
Протокол заочного заседания Совета директоров
АО «Народный Банк Казахстана»
от «4» июня 2015г. № 149

Алматы, 2015

Настоящий Устав определяет правовое положение, порядок организации и функционирования, реорганизации и ликвидации Акционерного общества «Altyn Bank» (Дочерний Банк АО «Народный Банк Казахстана»), именуемого в дальнейшем «Банк», права, обязанности, условия защиты прав и интересов акционеров, полномочия и ответственность органов и должностных лиц Банка.

Настоящий Устав разработан и утвержден в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан от 31 августа 1995 года № 2444 «О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан», именуемым в дальнейшем «Закон о банках», Законом Республики Казахстан от 13 мая 2003 года № 415-III «Об акционерных обществах», именуемым в дальнейшем «Закон», и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан.

Глава I. Общие положения

Статья 1. Наименование Банка

1. Полное наименование Банка:

1) на государственном языке: «Altyn Bank» Акционерлік қоғамы («Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның Еншілес банкі);

2) на русском языке: Акционерное общество «Altyn Bank» (Дочерний банк АО «Народный Банк Казахстана»);

3) на английском языке: Joint Stock Company «Altyn Bank» (Subsidiary bank of JSC «Halyk Bank»).

2. Сокращенное наименование Банка:

1) на государственном языке: «Altyn Bank» АҚ («Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның ЕБ);

2) на русском языке: АО «Altyn Bank» (ДБ АО «Народный Банк Казахстана»);

3) на английском языке: JSC «Altyn Bank» (SB of JSC «Halyk Bank»).

Статья 2. Правовой статус Банка

1. Банк является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет на праве собственности обособленное имущество и отвечает этим имуществом по своим обязательствам, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, и обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

2. Банк имеет самостоятельный баланс, счета в банках, в том числе валютные, имеет печать с указанием своего наименования.

Официальный статус Банка определяется государственной регистрацией Банка в качестве юридического лица в органах юстиции Республики Казахстан и наличием лицензии уполномоченного государственного органа на проведение банковских операций (далее – «уполномоченный орган»).

3. Форма собственности Банка - частная.

4. Банк в своей деятельности руководствуется Конституцией, законодательством Республики Казахстан, а также настоящим Уставом и внутренними правилами Банка.

5. Банк может иметь свой товарный знак и символику, образцы которых утверждаются и регистрируются в установленном законодательном порядке.

Статья 3. Ответственность Банка и его акционеров

1. Банк несет ответственность по своим обязательствам в пределах своего имущества.

2. Банк не несет ответственности по обязательствам своих акционеров.

3. Акционеры не отвечают по обязательствам Банка и несут риск убытков, связанных с деятельностью Банка, в пределах стоимости принадлежащих им акций, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами.

4. Банк не отвечает по обязательствам государства, равно как и государство не отвечает по обязательствам Банка, за исключением случаев, предусмотренных Законом, и случаев, когда Банк

или государство принимают на себя такую ответственность.

Статья 4. Филиалы и представительства Банка

